

«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ – ҚҰЗІРЕТТІЛІК НЕГІЗІ

Елбасының саралы саясаты аясында 2019 жылдан бастап «Жас маман» бағдарламасы бастау алды. Бұл – заманға сай білікті маман әзірлеу мақсатында қолға алынған іс.

«Жас маман» бағдарламасы бойынша еліміздегі колледждердің материалдық-техникалық базасын жаңартуға қомақты қаржы бөлінді. Бағдарлама талаптарына сай келетін оқу орындары іріктеліп, бірнеше оқу орындары таңдалып алынды. Соның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 5 колледжге тиесілі болды.

«Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжі» МКҚК – республикамыздың техникалық және кәсіптік білім беруде лайықты орны бар, жоғары білікті мамандарды даярлауға баға жетпес үлес қосқан заманауи бәсекеге қабілетті оқу орындарының бірі.

Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжі аталған жобаға 4 мамандық 4 біліктілік бойынша қатысты.

1303000 «Теміржол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару»

8 130304 3 Техник-электр механигі (244 студент)

1108000 «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша)»

7 110818 3 Техник-электромеханик (254 студент)

0904000 «Теміржолдардың электр техникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу»

090403 3 Электромеханик (130 студент)

1302000 «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)».

1 130202 3 Электромеханик (123 студент)

(Лицензияға сәйкес)

Көрсетілген мамандықтар бойынша 751 студент дәріс алса, 47 оқытушы дәріс береді.

87 жылдық тарихы бар оқу орнында осы кезге дейін 40000-ға жуық маман даярланды. Сондай-ақ, еліміздегі ірі компаниялармен жасалған келіссөздер негізінде өндіріске қажет мамандар дайындалады.

Қазіргі уақытта колледж түлектері Қазақстан Республикасының теміржол көлігі және өнеркәсіп кәсіпорындарында, сондай-ақ жақын және алыс шет елдерде жұмыс істейді.

«Жас маман» жобасы колледждің оқу-өндірістік базасын жаңартып қана қоймай, құзыреттілік орталығын құруға мүмкіндік береді. «Жас маман» бағдарламасы бойынша 200 жаңғыртылған оқу орнының талаптарына жауап беретін болады.

Қазақстан Республикасының теміржол көлігінде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жолдар мен ғимараттар құрылысынан бастап, жолаушылар мен жүк тасымалдары процестерін басқаруға дейінгі теміржол көлігінің барлық салаларының талаптарына жауап беретін жоғары білікті жұмысшы кадрлардың болуы қажет.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының теміржол көлігінде қауіпсіздік пен жайлылық жағдайларын жасаудың көпфункционалды жүйесінің талаптарына жауап бермейтін қолданыстағы құрылғыларды материал, энергия және еңбек жұмсалуды



төмендету жағына көрсеткіштердің сапалы өзгеруін қамтамасыз ететін құрылғыларға ауыстыру жүргізіледі. Оған ақпараттық және микропроцессорлық жүйелерді енгізу есебінен қол жеткізіледі, тіршілікті қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйелерімен жабдықталған жаңа локомотивтер мен вагондар өндіріледі.

Жаңа жабдықпен жұмыс істеу мүмкіндігі мен дағдысы бар жоғары білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін автоматиканы, пневмоавтоматиканы, робот-техниканы, байланыстың жаңа құрылғыларын практикалық зерделеу жөніндегі зертханалар құру қажет болатын.

Осы тұрғыда 2020 жылы колледж 100 сұранысқа ие мамандықтың ішінен 4 мамандық бойынша сұраныс білдіріп, төмендегі құрал-жабдықтар топтамасын алды:



- Мехатроника, робот-техника, логистикалық контроллерлерді бағдарламалау, электр-техника бойынша замануи оқу сыныбы;
- Жаңа үлгідегі моноблоктар;
- Мобильді ультрақысқа фокустық проекторлар;
- «Вагон шаруашылығы» мамандығы бойынша 12 орындық интерактивті сынып;
- Байланыс жүйесінің жаңа үлгідегі құрылғылары;
- Қозғалтқыштың макеттік көрінісі;
- Электрленген жаңа үлгідегі стендтер;
- Тәжірибе жұмыстарына арналған станоктар;
- Теміржолдағы ақауларды анықтайтын құрылғылар;
- Теміржолдағы автоматтандырылған жұмыс

түрінің жаңа құрылғысы және т.б. құрылғылар алынып, арнайы құрылған комиссия құрал-жабдықтарды қабылдау кезінде куә болды.

2015 жылы оқу-тәжірибелік орталық ашылып, 2020 жылы бұл кабинеттер «Жас маман аясында» 11 кабинетпен толықтырылды.

Әрине, бұл құрылғыларды алып қою міндет емес, сол құрылғылармен сапалы және қауіпсіз жұмыс жасау үшін арнайы мамандар колледж оқытушыларына дәріс беріп, оларға сертификаттар табыстады.

Бірлігі жарасқан ұжымда педагогикалық тәжірибесі мол, жаңашыл, ізденімпаз, шығармашылықты серік еткен оқытушылар еңбек етеді.

Керегесі – күміс, уығы – алтын, игі істер мен бірлігі жарасқан ұжым соңғы үлгідегі, заманауи құрылғылармен шәкірттерін оқытып, тәрбиелеп, өз істерінің шебері, майталман мамандар даярлап, еліміздің эконмикасын көтеруге еңбек етеді деп сенеміз.

Оқу орнында «Жас маман» жобасын іске асыру жаңаша оқытудың жеке моделін қалыптастыруды қамтамасыз етіп, өнеркәсіпте сұранысқа ие халықаралық деңгейдегі білікті мамандарды даярлауға жол ашты.

М. Қ. РАМАЗАНОВ,
Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжі директорының орынбасары, арнайы пән оқытушысы



АННОТАЦИЯ ○

Автор рассказывает о мероприятиях, проводимых в ГККП «Ак-тюбинский колледж транспорта, коммуникаций и новых технологий» в рамках программы «Жас маман», стартовавшей с 2019 года. Также автор в статье рассматривает необходимость создания лабораторий по практическому изучению автоматизации, пневмоавтоматики, робототехники, новых устройств связи для подготовки высококвалифицированных рабочих кадров, имеющих возможность и навыки работы с новым оборудованием.